

"Су шаруашылығы және (немесе) канализациялық жүйелерге және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 қаңтардағы № 17-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 23 шілдедегі № 170-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 6 тамызда № 7824 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі № 864 қаулысымен бекітілген Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін қалыптастыру ережесінің 23-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Су шаруашылығы және (немесе) канализациялық жүйелерге және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 қаңтардағы № 17-НҚ бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2154 нөмірімен тіркелген,

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2003 ж., № 14, 829-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қыркүйектегі № 864 қаулысымен бекітілген Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін қалыптастыру ережесінің 23-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН.**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Су шаруашылығы және (немесе) канализациялық жүйелерге және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нұсқаулық су шаруашылығы және (немесе) канализациялық жүйе қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің және тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеу және бекіту кезінде ескерілетін энергетика секторының табиғи монополия субъектілері тарифтерінің (бағаларының, алым ставкаларының) оның ішінде, өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратындар құрамына кіретін пайданың (таза табыстың) қол жетімді деңгейін есептеу тәртібін нақтылайды.";

5-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілері - табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтің мынадай түрлерін:

тауарлық газды сақтауды, жалғастырушы, магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауды, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалануды, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдауды;

электр энергиясын беруді және (немесе) таратуды;

жылу энергиясын өндіруді, беруді, таратуды және (немесе) онымен жабдықтауды;

электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіруді және тұтынуды;

электр энергиясын өндірудің-тұтынудың теңгерімдеуді ұйымдастыруды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілері";

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. "Халықтық IPO" бағдарламасының шеңберінде акцияларын құнды қағаздар нарығына шығаруды жүзеге асыратын субъектілерді қоспағанда, бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі Кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олар мен аффилиирленген заңды тұлғалардың іске қосылған активтерінің реттелетін базасы активтердің іске қосылған коэффициентіне активтердің нақты құнының туындысы ретінде мынадай формула бойынша айқындалады:";

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілмеген Субъектілер негізгі құралдары сенімді басқаруға, мүліктік жалға, лизингі бойынша немесе өзге мәмілелер нәтижесінде алынған Субъектілер, сондай-ақ "Халықтық IPO" бағдарламасының шеңберінде құнды қағаздар нарығына акцияларды шығаруды жүзеге асыратын Субъектілер үшін:";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері (магистральдық және қалалық таратушы желілері, су құбыржолдары) қызметін көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін пайда ставкасы экономиканың осы секторына инвестициялау тәуекелдерін есептеу әдісі арқылы мынадай формула бойынша есептеледі:

$ПС = r_f + BC + TT$, мұндағы

r_f – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сүйене отырып айқындалатын тәуекелсіз ставка.

BC - Субъект шығарған және айналымның сол мерзіміндегі мемлекеттік құнды қағаздарға қатысты айналымда жүрген борыштық міндеттемелерге, егер борыштық міндеттемелер шығару орын алса, қойылатын сыйақы негізінде айқындалатын субъекті бойынша тәуекелге арналған борыштық сыйақы. Ондай болмаған жағдайда, ол қызметтің сондай түрімен айналысатын және Қазақстан Республикасының аумағында сондай кредиттік рейтингісі бар басқа Субъектілердің тәуекелі үшін борыштық сыйақыларды ескере отырып, айқындалады.

TT - қазіргі бар су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелерінің тозу дәрежесін және ұзақ уақыт толық жөндеу көрсетпеуді сипаттайтын

технологиялық тәуекел және осыған байланысты авариялардың туындау мүмкіндігі және қосымша шығыстарды жүзеге асыру.

$TP = (Z \times P) / C \times 100\%$, мұндағы

Z - Субъект бойынша 3-5 жыл ішіндегі деректердің негізінде авариялардың салдарларын жоюға арналған орташа есеппен бір жылғы шығындар;

P - Субъект бойынша 3-5 жыл ішіндегі деректердің негізінде авариялардың болу ықтималдығы және мынадай формула бойынша айқындалады:

$P = Ka / 365$, мұндағы

Ka – қызметтер көрсетуді 24 сағаттан артық тоқтатуға алып келген авариялар санының орташа санының мәні;

Қ - Субъектінің негізгі құралдарына қайта бағалау жүргізгенге дейін негізгі құралдардың есепті кезеңнің (жыл, тоқсан) басындағы қалдық құны.".

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілері үшін пайда ставкасы капиталдың орташа өлшенген құнының (бұдан әрі - ОӨКК) әдісі арқылы есептелінеді және мынадай формула бойынша айқындалады:

$ПК (ОӨКК) = ((1 - g) \times re) + (g \times rd)$, мұндағы

g - қаржыландырудың жалпы құрылымдағы Субъектінің заемдық және жекеменшік капиталының арасалмағын сипаттайтын шама болып табылатын леверидж, яғни негізгі құралдарға жүргізілген соңғы қайта бағалауды ескеріп барлық капитал құрылымындағы (меншік және заемдық капиталдың сомасы) нақты қарызға алынған қаражаттардың үлесі. Леверидждің деңгейі нөлден кем емес шама болып табылады. Субъектінің жеке капиталының теріс мәні жағдайында, леверидж деңгейі бірге тең шама ретінде қабылданады;

re - жеке капиталға сыйақының ставкасы (%);

rd - заемдық қаражатқа сыйақының ставкасы (%).

Заемдық қаражатқа сыйақы ставкасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$rd = rf + BC$, мұндағы

Меншік капиталға сыйақы ставкасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$re = rf + ga$, мұндағы

ga - меншік капиталға тәуекел үшін сыйлықақы. Меншік капиталға тәуекел үшін сыйлықақы Қазақстан Республикасының қор нарығы бойынша тәуекел үшін сыйақының негізінде тұтастай айқындалады және салалық бета-коэффициентке мынадай формула бойынша түзетіледі:

$ga = b \times (15,7\% - rf)$, мұндағы

b - энергетикалық сектордың салалық бета-коэффициенті.

"Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде бағалы қағаздар нарығында акциялар шығаруды жүзеге асыратын Субъектілерді қоспағанда, салалық бета коэффициент 1,3 деңгейінде, энергетикалық сектор ұйымының іске қосылған активтеріне пайда ставкасын есептеу үшін салалық бета-коэффициент 0,89 деңгейінде қабылданған.

Акционерлік капиталға арналған сыйақы құны заем қаражатына арналған сыйақы құнынан кем болмайтын шама болып табылады."

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және жиынтық талдау департаменті (А.В. Мартыненко) :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Р.Е. Сүлейменова) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін, кейіннен жарияланғаны туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне ұсынсын.

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағаларына А.В. Шкарупаға және Б.И. Досмұхамбетоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов